

ӨНЕР – РУХАНИ БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Қазақстан қоғамының заманауи сатыдағы даму негізі Президентіміз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, көркем-эстетикалық мәдениетті заманауи жаңа тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі таңда жастарға көркем-эстетикалық тәрбие беруде өнер салаларын қолдану арқылы ғылыми көзқарасын қалыптастыруда идеялық табандылыққа, өмірге өтене араласуға, қоғамымызды демократияландыруға, жастарға патриоттық тәрбие беруге жалпы адамгершілік мораль негіз бола алады.

Аталған тапсырмаларды шешу мақсатында республикадағы үлкен көпсалалы оқу орындарының бірі - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрамындағы Педагогикалық мәдениет институты - осы аймақтың ғылыми білім беретін мәдени орталығы.

Педагогикалық мәдениет институты күндізгі және сырттай оқу бөлімі бойынша әртүрлі педагогикалық және өнер мамандықтарына мамандар дайындайды. Қазіргі уақытта институт заманауи қажеттілікпен толықтырылған оқу дерісханалары, кітапхана, спорттық зал, акт залы, оқыту-ақпараттандыру орталығы, компьютерлік дерісханалармен жабдықталған. Шығармашылық мамандықтар үшін бейнетақа, фонотеқа, галерея және интернет желісі іске қосылған.

Білім мен тәрбие берудің сапасы осындағы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігіне байланысты. Сондықтан да біздің институтымызда жоғары дәрежелі оқытушылар жеткілікті. Бүгінде институтта 11 кафедра бар, оқу үдерісін 250 оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде 14 п.ғ.д., профессор, 62 п.ғ.к., доцент, 5 Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, 11 ағарту ісінің үздігі, 4 "ЖОО-ның үздік оқытушысы" грантының иегері, 8 Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, 4 ҚР Суретшілер одағының мүшесі, 14 халықаралық, республикалық байқаулар мен фестивальдердің лауреаттары бар.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде іретасқы қаланған қазақ ұлттық аспаптар оркестрі, "Қазына" фольклорлық-этнографиялық ансамблі, камералық хор, "Қаракөз" би ансамблі, "Думан" студенттік театры, "Шуылдақтар" КВН командасы - өлкеміздің мақтанышы болып табылады.

Институт ұжымы өз бітіруші түлектерін мақтан тұтады. Айталық, олар: Қазақстан Республикасының халық әртісі, сазгер Ескендір Хасанғалиев, әнші Мақпал Жүнісова, Н.Есқалиева, Р.Ғабдиев, Л.Есенов, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген



әртістер, сазгер Марат Омаров, Марат Ілиясов, тағы басқалар өз еңбектерімен Қазақстан мәдениетінің алтын қорына үлкен үлесін қосып келеді. Оқу орны келешекте де осындай таланттылардың көп шығуына өз ықпалын тигізе береді.

Біздің университетте шәкірттердің қабілетін танып, оларды шыңдауға қолайлы жағдай жасау басты міндет болып саналады. ОҚМУ-ды таңдай отырып, дүниежүзілік білім стандартына сәйкес білікті мамандықтардың иесі болып, құзырлы да ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары мамандар қатарын толықтыруға мүмкіндік алуға болады.

М.ТӘҢІРБЕРГЕНОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ПМИ,
«Бейнелеу өнері және сызу»
кафедрасының
меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.